

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ІШКІ ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ
НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША
ХАТТАМА**

«Алатау әуендері» МКҚК

Тұздыбастау а.

26 мамыр 2026 жыл

Қатысқандар:

Байгенженов К.Б. — директордың орынбасары, жұмыс тобының жетекшісі;
Серікқызы Ш. — кадр жөніндегі инспектор;
Мукашева М.С. — бас есепші;
Мустапаев Д.Б. — «Жол қозғалысы қауіпсіздігі қоғамдық бірлестігі» ҚБ өкілі;
Шоев С.Х. — комплаенс-офицер.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Алатау әуендері» МКҚК қызметіндегі 2025 жылға арналған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін қарау.
2. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен оларды жою шараларын талқылау.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты күшейту және құрылымдық бөлімшелер басшыларының дербес жауапкершілігін арттыру жөніндегі ұсынымдарды қарау.

«Алатау әуендері» МКҚК директорының 2026 жылғы 27 сәуірдегі №24-н/қ «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығына сәйкес жұмыс тобы Кәсіпорынның 2025 жылдағы қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Талдау барысында келесі қызмет бағыттары зерделенді:

- ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет;
- персоналды басқару;
- мемлекеттік сатып алу;
- мүдделер қақтығысын реттеу;
- ішкі қызметтің өзге де мәселелері.

Жүргізілген талдау нәтижесінде мыналар анықталды:

1. «Алатау әуендері» МКҚК қызметі жалпы алғанда Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді.
2. Елеулі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен жүйелік сипаттағы тәуекелдер анықталған жоқ.
3. Мыналар бойынша фактілер анықталған жоқ:
 - мүдделер қақтығысы;
 - үлестестік;
 - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар;
 - мемлекеттік сатып алуды жүргізу кезіндегі бұзушылықтар;
 - қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату кезіндегі бұзушылықтар.
4. Мемлекеттік сатып алу электрондық форматта мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жүзеге асырылады, бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтады.
5. Кәсіпорын Жарғысында мемлекеттік қызметтер көрсету көзделмеген.

Талқылау қорытындысы бойынша жұмыс тобы

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері назарға алынсын.

2. «Алатау әуендері» МКҚК қызметі Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына сәйкес деп танылсын.
— еңбек заңнамасы талаптарының сақталуына ішкі бақылау күшейтілсін;
— қызметкерлер арасында Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылсын.
3. «Алатау әуендері» МКҚК-да жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шеңберінде бөлім басшыларына өз қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін дербес жауапты екендігі туралы ақпарат жеткізілсін.
4. Бөлім басшыларына қарамағындағы қызметкерлер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда оларға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік шаралары қолданылатыны ескертілсін.
5. Осы хаттама бекітілген күннен бастап бір ай мерзім ішінде әрбір бөлім басшысының осы тапсырмамен жеке таныстырылуы қамтамасыз етілсін.
6. Осы хаттаманың орындалуын бақылау жұмыс тобының төрағасына және Кәсіпорын директорына жүктелсін.

Дауыс беру нәтижелері:


«Келісілді» — бірауыздан.

«Қарсы» — жоқ.


Жұмыс тобының төрағасы:

/Байгенженов К.Б./ 

Жұмыс тобының мүшелері:

/Мукашева М.С./ 

/Серікқызы Ш./ 

/Мустапаев Д.Б./ 

/Шоев С.Х./ 